

6B01403-МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ (ІР)

Тіркеу номері	6B01400341
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	B006 Музыка мұғалімдерін даярлау
БББ түрі	Инновациялық
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	қазақ, орыс
БББ көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

БББ мақсаты	Заманауи музыкалық, коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттіліктері мен инклюзивті музыкалық білім беру дағдыларына ие, музыкалық-оқытудың жоғары сапалы контентін құруға және музыкалық-білім беру үрдісін ұйымдастыруға қабілетті педагог-музыкантты даярлау
БББ міндеттері	- Қоғамдағы әлеуметтік-жауапкершілікті мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы нормаларды сақтау; - Бүкіл өмір бойына білім алуды жалғастыру, бүкіл кәсіби мансап барысында өзгеріп отыратын жағдайларға жемісті бейімделуге мүмкіндік беретін базалық бакалавр даярлауды қамтамасыз ету; - Дамудың жалпы жоғары зияткерлік деңгейіне қол жеткізу үшін жағдаймен қамтамасыз еті, сауатты және дамыған сөйлеуді, ойлау мәдениеті мен музыкалық білім беру саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын меңгеру; - Білім алушылардың мамандық бойынша жұмысқа орналасуына немесе білім алуды оқытудың одан арғы сатыларында жалғастыруды қамтамасыз ету үшін зияткерлік, дене, рухани, эстетикалық дамуға жағдай жасау; - Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

БББ үйлесімділігі	• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі; • 6- біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	Білім беру саласындағы біліктіліктің салалық шеңбері, хаттама №3, 27.11.2019ж.; «Педагог» кәсіби стандарты (15.12. 2022 ж. № 500 бұйрық), Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіби стандарт ҚР Білім Министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығы
Берілегін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге білім беру бағдарламасы бойынша «6B01403 - Музыкалық білім (IP)» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Бітіруші «6B01403 - Музыкалық білім (IP)» білім беру бағдарламасы бойынша орта және мамандандырылған мектептерде музыка мұғалімі; мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруда музыка қызметкері; бұйрықпен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қоймай, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында бастапқы лауазымдарды атқара алады Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 Желтоқсанда № 22003 болып тіркелді.
Кәсіби қызмет саласы	музыкалық білім, өнер
Кәсіби қызмет нысандары	- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру; - бастауыш, негізгі және бейіндік мектеп; - мамандандырылған мектеп; - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары.
Кәсіби қызмет пәні	Музыка сабақтары, жалпы білім беретін мекемелердегі (мектептер, гимназиялар, лицейлер және т. б.) сыныптан тыс музыкалық-тәрбие, ұйымдастыру-насихаттау жұмыстары.
Кәсіби қызмет түрлері	- білім беру: музыка сабағын және сыныптан тыс музыкалық сабақтар жүргізу, мектеп оқушыларының музыкалық дамуына педагогикалық бақылау жасау. - эксперименттік-зерттеушілік: заманауи ақпараттық және білім беру технологияларын пайдалана отырып, өзінің педагогикалық қызметін ғылыми негізде ұйымдастыру; білім алушылардың музыкалық дамуының деңгейіне өлшеу жүргізу және бақылау; алға қойылған білім беру міндеттеріне сәйкес музыкалық-педагогикалық эксперимент жүргізу; баспада немесе педагогикалық жұртшылық алдында өзінің музыкалық-педагогикалық қызметінің нәтижелері жайлы хабарламалар жасау.

	- ұйымдастыру-басқару: музыканы оқыту үрдісінде оқу-тәрбие жұмысын іске асыру; сыныптан тыс тәрбиелік музыкалық жұмысты және білім алушылардың қызығушылықтары бойынша музыкалық үйірмелерді ұйымдастыру; түрлі типтегі білім беру мекемелерінің оқушылары мен жастар арасында мәдени-ағартушылық жұмыс жүргізу. - оқу-технологиялық: музыка сабақтарында тиімді білім беру технологияларын қолдану, сынып жетекшісінің, музыкалық-көркемдік жұмыстарда ұйымдастырушының, ағартушының, мектеп оқушыларымен насихатшының қызметін атқару. - атқарушылық: мектеп хор ұжымының, вокалдық, аспаптық ансамбльдің құрамында мектеп оқушыларының вокалдық, аспаптық дағдыларын дамыту бойынша шығармашылық іс-әрекетпен байланысты жұмыстарды жүргізу. - әдістемелік: оқу үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету; сыныпта оқуға қолайлы жағдай жасау, оқу материалдарын сабақтың мақсатына, жас ерекшеліктеріне және оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес дербес әзірлеу; студенттердің оқуы үшін компьютерлік презентациялар мен ресурстарды дербес дайындауға; педагогикалық шеберлікті жетілдіру үшін өз бетінше жұмыс жасау; тәлімгердің басшылығымен оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін, оқыту стратегияларын қолдану; әдістер мен әдістерді анықтау, оқушылардың жалпы білімдік қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру; сабақтың мақсатына сәйкес оқу материалдарын әзірлеу; көптілді білім беру бағдарламаларына қатысатын мұғалімдерге пәндік тілді оқыту технологиясын қолдануды ескере отырып, оқу процесін жоспарлау.
Оқыту нәтижелері	ОН1 Мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру, одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру дағдыларын қолдану және педагогикалық және қоғамдық қызметте кәсіби өзара қарым-қатынастарды қалыптастыру; кәсіби қызметте денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін құралдар мен әдістерді мақсатты пайдалану. ОН2 Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, білімді қалыптастыру үшін ақпарат көздерін жинау мен интерпретациялауды жүзеге асыру және өзінің құндылықтарын, көзқарастарын, этикалық принциптері мен оқыту әдістерін сыни тұрғыдан бағалау, өзінің педагогикалық тұрғыда дамуы үшін жаңа мақсаттар қою. ОН3 Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қолдану арқылы білім алушылардың оқу үдерісін жүзеге асыру және оқу жетістіктерін бағалау, әртүрлі цифрлық технологиялардың көмегімен Музыкалық білім берудің озық тұжырымдамаларына негізделген теориялық білімді сыни тұрғыдан іріктеу және алынған білімді музыканы оқытуды жетілдіру және өзінің кәсіби өсуі үшін пайдалану. ОН4 Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мәселелерін түсіну, оқу үрдісінде білім

алушылардың әртүрлі қабілеттерін ескеру, өмірлік және оқу контекстінде олардың психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдау.

ОН5 Музыкалық-педагогикалық ғылымдарды түсіну және игеру үшін іргелі әдіснамалық және теориялық маңызы бар іргелі ғылыми ұғымдарды тану және түсіну, Музыкалық білім берудің жаһандық және жергілікті мәселелерін шешу үшін ғылымдардың басқа салаларынан білімді қолдану мен интеграциялаудың өзіндік ұстанымын дәлелдеу.

ОН6 Қазақ халқының мемлекеттілігі формасының және оның өркениеті тарихының негізгі кезеңдерін тұтас және объективті түрде жария ету және ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу, академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.

ОН7 Музыкалық іс-әрекетте, стильдер, жанрлар мен формалардың ерекшеліктері арқылы музыкалық тіл табиғатының бірлігі мен тұтастығы идеясын түсіндіру үшін музыкалық орындаушылық үрдісте орын алатын құбылыстар мен процестер арасындағы себеп-салдарын байланыстарын жалпылау және талдау.

ОН8 Композитордың идеясын жүзеге асыра отырып, музыкалық дыбыстың ерекшеліктері мен оның қасиеттерін, музыкалық бейнелі образда орындау үшін қажетті музыкалық қабылдау мен техниканы іске асыруды түсіну.

ОН9 Қазіргі қоғамның музыкалық-көркемдік дүниетанымын кеңейту мен демонстрациялық эксперимент және практикалық жұмыстарды әзірлеу үшін ІТ қолдану, аналитикалық және сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды әзірлеуге қажетті студенттердің мәдениетаралық білімін кеңейте отырып, музыкалық пәндерді пәндік-тілдік оқытудың CLIL технологияларын пайдалану.

ОН10 Музыкалық білім саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану, заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып, музыканы оқытудың белгіленген мақсаттарына сәйкес оқу іс-әрекетінің жағдайларын құру.

ОН11 Оқу үрдісінде зерттеулер жүргізу үшін дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолдану және музыкалық-практикалық мәселелерді шешу үшін музыкалық шығармаларды талдау әдістерін қолдану.

ОН12 Музыкалық-теориялық және практикалық пәндер бойынша алған білімдерін вокалдық-хор, дирижерлік, хормейстерлік және аспаптық дағдыларды көрсетуде және музыка сабақтарын өткізуде жобалау мен орындаушылық процестерін модельдеу үшін жүйелеу және жалпылау.